**Автор**: Сатбаева Малика Искаковна
**Пән**: Қазақ тілі (Т1)
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Көлік және жол белгілері
**Тақырып**: Жол белгілерін білеміз бе?

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 5.О.5.1 Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу: Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлық оқушылар: - Мәтінді оқып, мазмұнын түсінеді; Сұрақтар құрастыра алады;<br>Оқушылардың басым бөлігі: - Мәтін бойынша негізгі ойды анықтау үшін сұрақтар құрастырып, анықталған ойды талқылайды.<br>Кейбір білім алушылар орындай алады: - Жетекші сұрақтар арқылы анықталған ойға байланысты өз пікірін білдіреді. |
| Тілдік мақсаттар: | Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: жол, белгі,көлік, жүргінші.<br>Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Жол белгілері, жол қауіпсіздігі, жаяу жүргіншілер, жаңа ережелер, тыйым салу белгілері, қызмет көрсету белгілері, ескерту белгілері, басымдылық белгілері. Талқылауға арналған сұрақтар: 1. Жол белгілерін білу қажет пе? Не себепті ... деп ойлайсыз? Не себепті жол белгілерін білу керек деп ойлайсыңдар? |
| Күтілетін нәтиже: | - Ақпаратты өз бетінше ұғынады;<br>- Өзінің сыныптастарының білім алуына жауапкершілікпен қарайды;<br>- Өз ойларын еркін жеткізе алады. |
| Бағалау критерийлері: | • Мәтідегі нақты ақпараттарды анықтайды;<br>• Анықталған ақпараттарға қатысты сұрақтар құрастырады;<br>• Сын есімнің түрін ажырата біледі, |
| Құндылықтарды дарыту: | Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Интерактивті тақта, слайд, аудио, видео жазбалар |
| Пәнаралық байланыс: | Құқық, Өзін-өзі тану |
| Бастапқы білім: | Көлік және жол белгілері туралы білімдері қалыптасқан |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>(7 минут) | **1. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**2. Психологиялық ахуал қалыптастыру.** «Өз-өзіңді таныстыр» сын есімдердің біреуін таңдап, өз есіміне қосып айту.<br>**3. Оқушыларды топқа бөлу.** Жол белгілері суреттері арқылы 3 топқа бөлу.<br>«Ескерту», «Тыйым салу», «Қызмет көрсету» белгілері арқылы үш топқа бөлу.<br>**4. Үй тапсырмасын тексеру.**<br>***1). «Миға шабуыл» әдісімен сын есім бойынша білімдерін жинақтау.***<br>1) Сын есім қандай сөз табы? Сұрақтары?<br>2) Сын есім жасалуына қарай қалай бөлінеді?<br>3) Негізгі сын есім дегеніміз? Мысал.<br>4) Туынды сын есім қалай жасалады? Мысал.<br>5) Сын есім құрамына қарай қалай бөлінеді? Мысал.<br>***2) «Сын есімді сөйлет». Семантикалық карта.***<br>Есімдеріне сәйкес сын есімге сипаттама береді. Мысалы: шырайлы – туынды, дара<br>**5. «Серпілген сауал» әдісімен тақырыпты болжау.**<br>Біз ауылдық жерде тұрамыз. Бізге жол белгілерін білу қажет пе? | Топқа бөлу қима суреттері<br><br>Бағалау парағы<br>Семантикалық карта |
| Сабақтың ортасы<br>(26 минут) | **Оқылым алды.** BILIMLand Бейнероликті көрсету<br>**Оқылым тапсырмасы:** 7-тапсырма<br>1-қадам. «Сұрақ – менен, жауап – сенен» . Мәтіннің I бөлігімен танысу, 1 сұрақ дайындап басқа топтарға қою, сұрақтарға жауап беру.<br>2-қадам. Топтық жұмыс. ЖИГСО<br>1-кезең. Мәтінді топ ішінде №1, №2, №3 бөліктерге бөліп танысу<br>2-кезең. Нөмерлеріне сәйкес топ болып бірігіп, бір-біріне түсіндіру.<br>3-кезең. Топ мүшелері қайта өз орындарына барып, жалпы мәтіннің басын біріктіру, топ ішінде түсіндіру.<br>4-кезең. Мәтіннен 3 ақпаратты анықтап, сын есім сұрақтарын қатыстыра отырып сұрақтар дайындап қою.<br>***Дескриптор:***<br>- мәтіндегі 3 нақты ақпараттарды анықтайды;<br>- анықталған ақпараттарға қатысты 3 сұрақ құрастырады.<br>***Бағалау:*** Бағдаршам түсі<br><br>***Сергіту сәті.*** Мына жол белгілерін қайда қояр едің?<br><br>**Оқылымнан кейін**<br>**Тілдік бағдар.** Жеке жұмыс. 8-тапсырма. Мәтіннен 10 сын есім теріп жазып, сұрақ қою.<br>**Бағалау:** «Автор орындығы». | «Қазақ тілі» оқулығы, "Атамұра" баспасы<br>Слайд<br>Жол белгілері суреттері |
| Сабақтың соңы<br>(3 минут) | **Кері байланыс.** "2 жұлдыз, 1 тілек" әдісімен оқушылар бір-біріне баға береді.<br>**Үй тапсырмасы** Эссе. Жол белгілерін білу не үшін керек? | Жұлдызша, жүрек стикерлері |
| Рефлексия<br>(4 минут) | **Рефлексия.** «Бағдаршам» арқылы мұғалім кез келген оқушылардың көтерген түстеріне қатысты пікірлерін сұрайды.<br>«Бүгінгі жұмысымды қалай бағалаймын?» Жасыл- мен сабақта өте белсенді жұмыс жасадым. Сары- тапсырма маған қиын болды, бірақ мен орындадым. Қызыл- маған көмек қажет. | Бағдаршам |